

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысы	2	Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 21 апреля 2022 года № 4 «О применении судами законодательства о государственных закупках»	13
«Сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі № 5 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 5 нормативтік қаулысы	25	Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 21 апреля 2022 года № 5 «О внесении изменений и дополнений в нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 11 июля 2003 года № 5 «О судебном решении»	29
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары.....	33	Постановления судебной коллегии по гражданским делам Верховного Суда Республики Казахстан	33
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары	51	Постановления судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан	51

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ №.4 НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ

2022 жылғы 21 сәуір

Нұр-Сұлтан қаласы

Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы

Мемлекеттік сатып алу туралы дауларды қарау кезінде сот практикасында туындаған мәселелерге байланысты заңнаманы дұрыс және біркелкі қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы мынадай түсіндірмелер беруге қаулы етеді:

1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңының (бұдан әрі – Заң) 3-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына (бұдан әрі - Конституция) негізделеді және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АҚ) нормаларынан, Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Осы санаттағы істерді қарау кезінде соттар Заңды, ал Заңмен реттелмеген мәселелер бойынша – АҚ-нің, Қазақстан Республикасы Азаматтық процесілік кодексінің (бұдан әрі - АПК), Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК), «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік аудит туралы заң) нормаларын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алуы қажет. Соттардың өнім берушіні таңдау және мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу процесінде туындайтын, қарау тәртібі ӘРПК-нің нормаларымен реттелетін даулардың және мемлекеттік сатып алу туралы шарттан туындайтын, АПК-нің нормаларына сәйкес азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралатын даулардың аражігін ажыратқаны жөн.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Заңда көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады. Конституцияның 4-бабының 3-тармағына сәйкес Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады.

2. АПК-нің 29-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарттардан туындайтын талап қоюлар жауапкердің орналасқан жері бойынша беріледі.

Орындалатын орны көрсетілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттардан туындайтын талап қоюлар талап қоюшының таңдауы бойынша АПК-нің 30-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес шарттың орындалатын орны бойынша да берілуі мүмкін.

Заңның 24-бабының 1-тармағына, 38-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді (баға ұсынысын) беру конкурстық құжаттамада белгіленген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарларды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады. Осыған байланысты әлеуетті өнім берушіні көрсетілген тәсілдермен жүргізілген мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюлар талап қоюшының таңдауы бойынша шарттың орындалатын жері бойынша да берілуі мүмкін.

Мемлекеттік сатып алу қорытындыларына, әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы уәкілетті органның шешімдеріне, сондай-ақ өткізілген мемлекеттік сатып алуды тексеру қорытындылары бойынша уәкілетті органның шешімдеріне, қорытындыларына, нұсқамаларына, хабарламаларына дау айту талап қоюшының тұрғылықты (орналасқан) жері бойынша ӘРПК-нің 106-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Егер талап қоюшы конкурс қорытындыларын заңсыз деп тану туралы талаппен қатар мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартты жарамсыз деп осы негізбен тануды талап етсе, онда мұндай талап қоюлар ӘРПК-нің 84-бабы үшінші бөлігінің, 155-бабы үшінші бөлігінің, 156-бабы екінші бөлігінің талаптарын ескере отырып, мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотта бірлесіп қарауға жатады.

Мұндай жағдайда қойылған талаптың шартты жарамсыз деп тану бөлігінде талап қоюшыдан дауды сотқа дейін реттеудің шартта көзделген тәртібін сақтау талап етілмейді.

Тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне, сондай-ақ уәкілетті орган мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне әлеуетті өнім берушінің талап қоюлары мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттың қарауына жатады.

Заңның 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларын қолдануға байланысты мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың, тапсырыс берушілердің талап қоюлары, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды орындаудан туындайтын талап қоюлар мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың қарауына жатады.

Заңның 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылған әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы уәкілетті органның шешіміне дау айту туралы талап қоюлар мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттың қарауына жатады.

3. Әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат беру фактісін анықтаған органдар, тапсырыс беруші Заңның 12-бабының 4-тармағында көзделген жағдайда, әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен Заңда белгіленген мерзімдерде сотқа жүгінуге міндетті.

Бұл мерзімдер түпкілікті болып табылады, осы мерзімдердің өтуі әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызды қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

4. Заңның 12-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың республикалық тізілімін қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады. Осыған байланысты судья Заңның 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасы бойынша мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы талап қоюды АПК-нің 151-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жатпайтындықтан, қабылдаудан бас тартуы тиіс. Егер талап қою соттың іс жүргізуіне қабылданса, сот осы бөлікте АПК-нің 277-бабының 1) тармақшасының негізінде іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады. Мұндай талап қою мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотқа келіп түскен кезде сот (судья) ӘРПК-нің 138-бабы екінші бөлігінің 11) тармақшасының негізінде талап қоюды әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпауына байланысты қайтару туралы ұйғарым шығарады.

5. Соттар Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) қосымшалармен бірқатар үлгілік шарттар (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт, Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт, Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт және өзгелер) (бұдан әрі - Үлгілік шарт) бекітілгенін ескеруі тиіс.

Барлық Үлгілік шарттарда мазмұны бірдей «Даулы мәселелерді шешу» бөлімі көзделген, оған сәйкес Тапсырыс беруші мен Өнім беруші тікелей келіссөздер процесінде олардың арасында мемлекеттік сатып

алу туралы шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешу үшін бар күш-жігерін салуы тиіс. Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

Тараптар Үлгілік шартқа осы талаптардың негізінде қол қойып, дауды сотқа дейін реттеудің көзделген тәртібін сақтайды.

Демек, талап қою кезінде талап қоюшы дауды сотқа дейін алдын ала реттеудің шартта көзделген тәртібінің сақталғанын растайтын құжаттарды қоса тіркеуге міндетті.

Дауды сотқа дейін алдын ала немесе соттан тыс реттеу тәртібінің сақталғанын растайтын тиісті дәлелдемелердің болмауы АПК-нің 152-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасының негізінде талап қоюды қайтару үшін негіз болып табылады.

Осы ережелер әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы қойылатын талаптарға қолданылмайды.

6. Заңның 43-бабының 24-тармағына сәйкес өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу тәртібі Қағидаларда реттелген. Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шартта тауарды жеткізу мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіден өнім беруші міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) ұстап қалады (өндіріп алады) не міндеттемелерді тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелердің сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) деген норма қамтылған. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауға тиіс. Барлық Үлгілік шарттарда ұқсас талаптар бар. Шартқа қол қойылғаннан кейін осы талаптар Тараптардың орындауы үшін міндетті болып табылады және Тапсырыс беруші төленуге жататын шарт сомасынан тұрақсыздық айыбын ұстап қалуға құқылы. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа жүгінгенге дейін Тапсырыс беруші дау айтылып отырған мәселелерді шешу тәртібі туралы шарттың талаптарын ескере отырып, дауды алдын ала сотқа дейін реттеу тәртібін сақтауы қажет. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюмен жүгінген кезде Тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын дербес ұстап қалуына кедергі келтіретін мән-жайларды көрсетуге міндетті.

7. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін қалыптастыру негіздері Заңның 12-бабының 4-тармағында белгіленген, бұл негіздердің тізбесі түпкілікті болып табылады және кеңінен түсіндірілуге жатпайды.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтаруға байланысты әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы уәкілетті органның шешімдеріне шағымдану туралы әкімшілік талап қоюларды қарау кезінде соттар мемлекеттік сатып алу жеңімпазының шартқа қол қою міндетін белгілейтін Заңның 43-бабы 3-тармағының талаптарын негізге алуы тиіс.

Шартқа қол қойылмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші оған қол қою үшін өзіне байланысты барлық шараларды қабылдағанын, бірақ объективті, оның еркіне байланысты емес мән-жайларға байланысты оған қол қоя алмағанын дәлелдеуге тиіс.

8. Мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АҚ-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АҚ-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты, егер тараптар шартқа, жобалау-сметалық құжаттамаға Заңның 45-бабы 2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес өзгерістер енгізбесе, онда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз болып табылатынын соттар назарда ұстауға тиіс.

9. Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат беру фактісі анықталған кезде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылады.

Соттар осы фактіні біліктілік талаптары бойынша құжатты (құжаттарды) ұсынбаудан не тиісті түрде ресімделмеген құжатты (құжаттарды) ұсынудан айыра білулері қажет, бұл Заңның 10-бабы

1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім берушіні біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп тануға негіз болып табылады.

Заңның 9-бабының 6-тармағына сәйкес 9-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2), 3) тармақшаларында белгіленген біліктілік талаптары – әлеуетті өнім беруші өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігер не қызметтер көрсету бойынша бірлесіп орындаушы ретінде тартуды көздейтін жеке және заңды тұлғаларға да қолданылады.

Жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларын) тартуға ниеттенген әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға тартылатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс. Мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартатын әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінімдерді берген кезде берілетін мәліметтердің, оның ішінде қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) бойынша да анықтығы үшін жауапты болады. Қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) анық емес ақпарат берген жағдайда, әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші де Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші:

1) біліктілік талаптары бойынша;

2) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат ұсынған кезде Заңның 11-бабы 1-тармағының негізінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуы мүмкін.

Мұндай жағдайларда біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттарға қатысты кез келген анық емес мәліметтер өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін негіз болып табылады.

Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттарға: әлеуетті өнім берушінің ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы туралы; төленген салықтардың көрсеткіштері туралы; тауарлардың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстар туралы мәліметтерді қамтитын құжаттар жатады.

Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар және оларды есептеу Қағидаларда айқындалады.

10. Заңның 43-бабының 2-тармағына сәйкес Тапсырыс беруші жеңімпазға мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық

цифрлық қолтаңбамен куәландырылған мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын:

1) конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға шағымдану мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде;

2) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алудың жеңімпазын айқындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жібереді.

Өнім берушіні таңдау рәсімдері, оның ішінде мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары шеңберінде өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындыларына шағым жасау рәсімдері тиісті бюджет (даму жоспары) бекітілгенге дейін аяқталған жағдайларда, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасы жеңімпазға тиісті бюджет (даму жоспары) бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жіберіледі.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын конкурс, аукцион, баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен мемлекеттік сатып алудың жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасы қоса берілген хабарлама мемлекеттік сатып алу веб-порталына келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландыруға тиіс.

11. Уәкілетті органның әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтару негізі бойынша мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы бұйрығының күшін жою туралы әкімшілік талап қойылған кезде, тапсырыс беруші ӘРПК-нің 129-бабы екінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес ол шарт жобасын және мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны жібергені туралы дәлелдемелерді ұсынуға міндетті. Мемлекеттік сатып алудың веб-порталына әлеуетті өнім берушіге мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына қол қою қажеттігі туралы хабарламаның (веб-порталдан алынған шартты келісу журналы) келіп түскендігінің дәлелдемелері не оның шарт жобасын және (немесе) заңда белгіленген мерзімде мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны жіберу жөніндегі міндетті орындамауының себептері болған кезде тапсырыс беруші не бірыңғай ұйымдастырушы шартты жіберу бойынша міндетті тиісті түрде орындады деп есептеледі.

Тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын әлеуетті өнім берушіге жіберу және мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына қол қою қажеттігі туралы хабарлама бойынша өзіне жүктелген міндетті орындамауы уәкілетті органның әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы бұйрығының күшін жою туралы әкімшілік талап қоюды шарт жасасудан жалтару негізі бойынша қанағаттандыру үшін негіз болып табылады.

Уәкілетті органның шарт жасасудан жалтару негізі бойынша әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы бұйрығының күшін жою туралы әкімшілік талап қою әлеуетті өнім берушіден:

шарт жасасудан жазбаша бас тарту;

шарттың елеулі талаптарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар;

орындалуы мемлекеттік сатып алуды жариялау кезінде көрсетілген талаптармен тапсырыс берушіге шартты жасасуға кедергі келтіретін өзге де жазбаша өтініштер түскен жағдайларда қанағаттандыруға жатпайды.

Заңның 38-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған ақпаратта көрсетілген сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сипаттамаларының сипаттамасындағы Тапсырыс беруші жасасуға ұсынған шарт жобасының нақты талаптарына сәйкес келмеуі әлеуетті өнім берушіні шарт жасасудан босатады және әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасудан жалтару негізі бойынша мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізуді болдырмайды.

12. Заңның 43-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу жөніндегі талаптар Заңның 39-бабы 3-тармағының 4), 9), 17), 18), 20), 21), 23), 26), 31), 32), 35), 40), 41) тармақшаларында және 50-бабында көзделген жағдайларға қолданылмайды.

Соттар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1200 қаулысымен бекітілген Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларымен реттелетін мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурс негізінде туындайтын дауларды қарау кезінде сатып алу жалпы негізбен жүзеге асырылған даулардан болатын осы ерекшеліктерді ескергендері жөн.

Уәкілетті органның шешімі негізінде Заңның 12-бабы 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің тізілімін қалыптастыру ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алу шеңберінде туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылмайды.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталында ерекше тәртіпті қолдана отырып жүргізілген конкурс бойынша деректер қамтылмағандықтан, шарт жасасудан жалтарған кезде осындай әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюлар сот тәртібімен қаралады.

13. Қағидалардың 3 - тармағының 10) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу саласындағы электрондық депозитарий (бұдан әрі – электрондық депозитарий) - бұл мемлекеттік сатып алу

веб-порталында қалыптастырылатын, әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесінің болуын растайтын мәліметтер мен құжаттарды қамтитын электрондық деректер базасы.

Электрондық депозитарийді уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері қалыптастырады.

Әлеуетті өнім берушілердің соңғы он жылдағы, оның ішінде ағымдағы жылдағы жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттарды электрондық депозитарийге енгізу туралы өтінімдерін әлеуетті өнім беруші қалыптастырады және Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес веб-портал арқылы беріледі.

Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері он жұмыс күні ішінде қарайды.

Мәліметтер мен құжаттарды уәкілетті орган электрондық депозитарийге олардың анықтығы расталғаннан кейін енгізеді.

Қағидалардың 96 және 101-тармақтарында көрсетілген уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің шешімдеріне әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен шағым жасалады.

14. Әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарының тізбесі Заңның 9-бабының 1-тармағында айқындалған.

Заңның 31, 50-баптарында және 51-бабының 6-тармағында көзделген конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше және арнайы тәртіптерін қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруды қоспағанда, Заңның 9-бабының 1-тармағында көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

15. Заңның жалпы ережесі: мемлекеттік ақша қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсау, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру, адал бәсекелестік, мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы және отандық кәсіпкерлерді қолдау, мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттары болып табылады.

Заңның 45-бабында шарт жобасына не жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шартқа өзгерістер енгізу негіздері көзделген.

Заңның 45-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізілсе және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен қабылданған осындай өзгеріс сомасына қосымша ақша бөлу туралы шешім қабылданса, шарт сомасының ұлғаюы мүмкін екендігі көзделген.

Заңда және АҚ-нің 654, 655-баптарында көзделген шартқа және жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізу тәртібінің сақталмауы мердігерді тапсырыс берушіден орындаған қосымша жұмыстарына ақы төлеуді талап ету құқығынан айырады.

Мемлекеттік сатып алу туралы шартқа өзгерістер оның қолданылу кезеңінде енгізілуі мүмкін, өйткені АҚ-нің 386-бабына сәйкес шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы шарт бойынша тараптар міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеп соғады.

16. Қағидалардың 218-тармағының 2) тармақшасына, 229-тармағына қатысты конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдердегі мәліметтерді нақтылау мақсатында ғана тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында қажетті ақпаратты сұратуға құқылы екендігі соттарға түсіндірілсін. Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, Қағидалардың 219-тармағында белгіленген мерзім өткеннен тиісті түрде ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге байланысты сұрау салуына және өзге де іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

Конкурсқа қатысушының толық емес және (немесе) дұрыс емес мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынуы, конкурстық комиссияда қатысушы туралы мәліметтерді сұрату мүмкіндігінің болуына қарамастан, өтінімді қабылдамау үшін негіз болып табылады.

17. Заңның 26-бабына сәйкес демпингтік баға мәселелері конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру кезінде ғана талқылануға жатады.

Демпингтік бағаны айқындау тәртібі Қағидалардың 16-тарауында регламенттелген.

Демпингтік бағаны айқындау кезінде тапсырыс беруші құжаттаманы дайындауға, сараптама жүргізуге және құрылысқа техникалық және авторлық қадағалауды жүзеге асыруға жұмсаған сомаларды есепке алмай, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу үшін конкурсқа қатысушы ұсынған бағаны негізге алу қажет.

18. Заңның 2-бабының 2) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум) әлеуетті өнім беруші бола алады.

Шартты жеңілдікті есептеуді (оның ішінде Қағидалардың 243-тармағы бойынша) консорциумға қатысушыға емес, әлеуетті өнім беруші болып табылатын консорциумға қатысты қолданған жөн.

Қағидалардың 245-тармағының ережелерін ескере отырып, сатып алынатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты жеңілдікті есептеу әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінің құрамында ұсынылған құжаттардың негізінде ғана жүзеге асырылады.

19. Әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай

ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне, егер олардың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса:

- 1) уәкілетті органға;
- 2) сотқа шағым жасауға құқылы.

Талап қоюшының істердің осы санаты үшін Заңда белгіленген дауды сотқа дейін реттеу тәртібін сақтауы міндетті болып табылады, олай болмаған жағдайда талап қою ӘРПК-нің 138-бабы екінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес қайтарылуға жатады.

20. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ шешіміне әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Мемлекеттік аудит туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті, анықталған бұзушылықтарды жою туралы және оларға жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарау туралы нұсқаманың шығарылуы қаржылық бақылаудың ден қою шаралары болып табылады.

Нұсқама бақылау объектісіне бұзушылықтарды жою бойынша және оларға жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарау туралы міндетті жүктейді, осыған орай арыз беруші ӘРПК-де көзделген тәртіппен тікелей сотқа шағым жасай алады.

21. Тапсырыс беруші тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша жасалған шартты одан әрі орындаудың мақсатқа сай келмеуіне байланысты бұзған жағдайда, биржалық алымдар мен брокерлік қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар өтелуге жатпайды.

22. «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 5 нормативтік қаулысының күші жойылды деп танылсын.

23. Конституцияның 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы**

Ж. Асанов

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы**

Г. Әлмағамбетова

НОРМАТИВНОЕ ПОСТАНОВЛЕНИЕ № 4 ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

21 апреля 2022 года

город Нур-Султан

О применении судами законодательства о государственных закупках

В связи с вопросами, возникшими в судебной практике при рассмотрении споров о государственных закупках, в целях правильного и единообразного применения законодательства пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан постановляет дать следующие разъяснения:

1. Согласно статье 3 Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года № 434-V «О государственных закупках» (далее - Закон) законодательство Республики Казахстан о государственных закупках основывается на Конституции Республики Казахстан (далее - Конституция) и состоит из норм Гражданского кодекса Республики Казахстан (далее - ГК), Закона и иных нормативных правовых актов Республики Казахстан.

При рассмотрении дел данной категории судам необходимо руководствоваться Законом, а по вопросам, не урегулированным Законом, - нормами ГК, Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан (далее - ГПК), Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее - АППК), Законом Республики Казахстан от 12 ноября 2015 года № 392-V «О государственном аудите и финансовом контроле» (далее - Закон о государственном аудите) и иными нормативными актами. Судам следует разграничивать споры, возникающие в процессе выбора поставщика и заключения с ним договора о государственных закупках, порядок рассмотрения которых регулируется нормами АППК, и споры, вытекающие из договора о государственных закупках, которые рассматриваются в порядке гражданского судопроизводства в соответствии с нормами ГПК.

Если международным договором, ратифицированным Республикой Казахстан, установлены иные правила, чем те, которые предусмотрены Законом, то применяются правила международного договора. В соответствии с пунктом 3 статьи 4 Конституции международные договоры, ратифицированные Республикой, имеют приоритет перед ее законами.

2. В соответствии со статьей 29 ГПК иски, вытекающие из договоров о государственных закупках, предъявляются по месту нахождения ответчика.

Иски, вытекающие из договоров о государственных закупках, в которых указано место исполнения, по выбору истца могут быть предъявлены также по месту исполнения договора в соответствии с частью шестой статьи 30 ГПК.

В соответствии с пунктом 1 статьи 24, пунктом 4 статьи 38 Закона представление заявки на участие в государственных закупках (ценового предложения) является формой выражения согласия на осуществление поставки товаров, выполнение работ, оказание услуг согласно требованиям и условиям, установленным конкурсной документацией. В этой связи иски о признании потенциального поставщика недобросовестным участником государственных закупок, проведенных указанными способами, по выбору истца также могут предъявляться по месту исполнения договора.

Оспаривание итогов государственных закупок, решений уполномоченного органа о внесении потенциального поставщика в реестр недобросовестных участников государственных закупок, а также решений, заключений, предписаний, уведомлений уполномоченного органа по итогам проверки проведения государственных закупок, осуществляется в порядке, предусмотренном частью третьей статьи 106 АППК, по месту жительства (нахождения) истца.

Если истец наряду с требованием о признании итогов конкурса незаконным требует признать на этом основании заключенный договор о государственных закупках недействительным, то такие иски подлежат совместному рассмотрению в специализированном межрайонном административном суде с учетом требований части третьей статьи 84, части третьей статьи 155, части второй статьи 156 АППК.

В этом случае, в части иска о признании договора недействительным, не требуется соблюдение истцом предусмотренного договором порядка досудебного урегулирования спора.

Иски потенциального поставщика на действия (бездействие), решения заказчика, организатора государственных закупок, единого организатора государственных закупок, комиссий, эксперта, единого оператора в сфере государственных закупок, а также на действия (бездействие), решения уполномоченного органа и органов государственного аудита и финансового контроля подлежат рассмотрению специализированным межрайонным административным судом.

Иски организаторов государственных закупок, заказчиков, связанных с применением подпунктов 1) и 3) части первой пункта 4 статьи 12 Закона, а также иски, вытекающие из исполнения договоров о государственных закупках, подлежат рассмотрению специализированным межрайонным экономическим судом.

Иски об оспаривании решения уполномоченного органа о признании потенциального поставщика недобросовестным участником

государственных закупок, признанного таковым в соответствии с подпунктом 2) части первой пункта 4 статьи 12 Закона подлежат рассмотрению специализированным межрайонным административным судом.

3. Органы, установившие факт предоставления потенциальным поставщиком недостоверной информации по квалификационным требованиям и (или) документам, влияющим на конкурсное ценовое предложение, заказчик, в случае, предусмотренном пунктом 4 статьи 12 Закона, обязаны в сроки, установленные Законом, предъявить в суд иск о признании потенциального поставщика (поставщика) недобросовестным участником государственных закупок.

Данные сроки являются пресекательными, истечение которых является основанием для отказа в удовлетворении заявления о признании потенциального поставщика недобросовестным участником государственных закупок.

4. В силу подпункта 1) пункта 1 статьи 12 Закона уполномоченный орган осуществляет формирование и ведение республиканского реестра недобросовестных участников государственных закупок. В этой связи, в соответствии с подпунктом 1) части первой статьи 151 ГПК, судье следует отказать в принятии иска о включении в реестр недобросовестных участников государственных закупок по подпункту 2) части первой пункта 4 статьи 12 Закона как не подлежащего рассмотрению и разрешению в порядке гражданского судопроизводства. Если иск принят в производство суда, суд выносит определение о прекращении производства по делу в этой части на основании подпункта 1) статьи 277 ГПК. При поступлении такого иска в специализированный межрайонный административный суд на основании подпункта 11) части второй статьи 138 АППК суд (судья) выносит определение о возвращении иска как не подлежащего рассмотрению в порядке административного судопроизводства.

5. Судам следует иметь в виду, что Приложениями к Правилам осуществления государственных закупок, утвержденных приказом Министра финансов Республики Казахстан от 11 декабря 2015 года № 648 (далее - Правила), утверждены ряд Типовых договоров (Типовой договор о государственных закупках услуг, предусмотренных государственным социальным заказом, Типовой договор о государственных закупках товаров, Типовой договор о государственных закупках услуг и иные) (далее - Типовой договор).

Все Типовые договоры предусматривают раздел «Решение спорных вопросов» с идентичным содержанием, согласно которому Заказчик и Поставщик должны прилагать в процессе прямых переговоров максимальные усилия к разрешению всех разногласий или споров, возникающих между ними по договору о государственных закупках или

в связи с ним. Если после таких переговоров Заказчик и Поставщик не могут разрешить спор по договору, любая из сторон может потребовать решения этого вопроса в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Стороны, подписав Типовой договор на данных условиях, следуют предписанному порядку досудебного урегулирования спора.

Следовательно, при предъявлении иска истец обязан приобщить документы, подтверждающие соблюдение предусмотренного договором порядка предварительного досудебного урегулирования спора.

Отсутствие соответствующих доказательств, подтверждающих соблюдение порядка предварительного досудебного или внесудебного урегулирования спора, является основанием для возвращения иска на основании подпункта 1) части первой статьи 152 ГПК.

Данные положения не распространяются на исковые требования о признании потенциального поставщика (поставщика) недобросовестным участником государственных закупок.

6. В соответствии с пунктом 24 статьи 43 Закона в случае неисполнения либо ненадлежащего исполнения принятых поставщиком обязательств по договору о государственных закупках заказчик обеспечивает взыскание неустойки (штрафа, пени).

Порядок взыскания неустойки урегулирован Правилами. Типовой договор о государственных закупках товаров содержит норму о том, что в случае просрочки сроков поставки Товара Заказчик удерживает (взыскивает) с Поставщика неустойку (штраф, пеню) в размере 0,1% от общей суммы Договора за каждый день просрочки в случае полного неисполнения поставщиком обязательств либо удерживает (взыскивает) неустойку (штраф, пеню) в размере 0,1% от суммы неисполненных обязательств за каждый день просрочки в случае ненадлежащего исполнения (частичного неисполнения) обязательств. При этом общая сумма неустойки (штрафа, пени) не должна превышать 10% от общей суммы договора. Аналогичные условия содержат все Типовые договоры. После подписания договора данные условия являются обязательными для исполнения сторонами и заказчик вправе удержать неустойку из суммы договора, подлежащей оплате. До обращения в суд с иском о взыскании неустойки заказчик соблюдает порядок предварительного досудебного урегулирования спора с учетом условий договора о порядке разрешения спорных вопросов. При обращении с иском о взыскании неустойки заказчик обязан указать обстоятельства, препятствующие самостоятельному удержанию неустойки.

7. Основания формирования реестра недобросовестных участников государственных закупок установлены пунктом 4 статьи 12 Закона, данный перечень оснований является исчерпывающим и расширительному толкованию не подлежит.

При рассмотрении административных исков об обжаловании решений уполномоченного органа о внесении потенциального поставщика (поставщика) в реестр недобросовестных участников государственных закупок, в связи с уклонением от заключения договора о государственных закупках судам следует исходить из требований пункта 3 статьи 43 Закона, устанавливающего обязанность победителя государственных закупок подписать договор.

В случае не подписания договора потенциальный поставщик должен доказать, что принял все зависящие от него меры для его подписания, но в силу объективных, не зависящих от его воли обстоятельств не смог его подписать.

8. При рассмотрении исков о признании поставщиков, не исполнивших либо ненадлежащим образом исполнивших свои обязательства по заключенным с ними договорам о государственных закупках, недобросовестными участниками государственных закупок судам необходимо принимать во внимание вину поставщика как основание гражданско-правовой ответственности в соответствии со статьей 359 ГК и наступившие негативные последствия для заказчика, исходя из критериев справедливости и разумности согласно части пятой статьи 6 ГПК. Под негативными последствиями следует понимать причинение стороне договора такого ущерба, что она в значительной степени лишилась того, на что была вправе рассчитывать при заключении договора (пункт 2 статьи 401 ГК). Также подлежат оценке судами дополнительные соглашения, заключаемые сторонами договора о государственных закупках в части изменения срока выполнения работ. Статьей 45 Закона установлены основания внесения изменений в проект договора о государственных закупках либо заключенный договор о государственных закупках. В этой связи суды должны иметь в виду, что если сторонами не вносились изменения в договор, проектно-сметную документацию в соответствии с подпунктами 7), 8), 9) пункта 2 статьи 45 Закона, то ссылка на дополнительные соглашения в части изменения срока выполнения работ, предусмотренного заключенным договором о государственных закупках, является необоснованной.

9. В соответствии с пунктом 1 статьи 11 Закона потенциальный поставщик или поставщик признается недобросовестным участником государственных закупок при установлении факта предоставления недостоверной информации по квалификационным требованиям и (или) документам, влияющим на конкурсное ценовое предложение.

Судам необходимо отличать данный факт от непредставления либо представления ненадлежащим образом оформленного документа (документов) по квалификационным требованиям, которые согласно подпункту 1) пункта 1 статьи 10 Закона являются основанием признания

потенциального поставщика не соответствующим квалификационным требованиям.

В соответствии с пунктом 6 статьи 9 Закона квалификационные требования, установленные подпунктами 1), 2), 3) части первой пункта 1 статьи 9, распространяются также на физических и юридических лиц, которых потенциальный поставщик предусматривает привлечь в качестве субподрядчиков по выполнению работ либо соисполнителей по оказанию услуг, являющихся предметом проводимых государственных закупок.

Потенциальный поставщик, который намерен привлечь субподрядчиков (соисполнителей) работ либо услуг, должен представить организатору государственных закупок документы, подтверждающие соответствие привлекаемых субподрядчиков (соисполнителей) квалификационным требованиям. Потенциальный поставщик, привлекающий для участия в государственных закупках субподрядчиков (соисполнителей), при подаче конкурсных заявок несет ответственность за достоверность предоставляемых сведений, в том числе и по субподрядчикам (соисполнителям). В случае предоставления недостоверной информации субподрядчиком (соисполнителем) потенциальный поставщик или поставщик также подлежит признанию недобросовестным участником государственных закупок в соответствии с пунктом 1 статьи 11 Закона.

Исходя из пункта 1 статьи 11 Закона, потенциальный поставщик или поставщик может быть признан недобросовестным участником государственных закупок при предоставлении недостоверной информации:

- 1) по квалификационным требованиям;
- 2) по документам, влияющим на конкурсное ценовое предложение.

В этих случаях любые недостоверные сведения, которые касаются квалификационных требований и (или) документов, влияющих на конкурсное ценовое предложение, являются основанием для признания поставщика недобросовестным участником государственных закупок.

К документам, влияющим на конкурсное ценовое предложение, относятся документы, содержащие сведения: о наличии у потенциального поставщика опыта работы на рынке товаров, работ, услуг, являющихся предметом проводимых государственных закупок в течение последних десяти лет, предшествующих текущему году; о показателях уплаченных налогов; о функциональных, технических, качественных и эксплуатационных характеристиках товаров и (или) расходах на эксплуатацию, техническое обслуживание и ремонт закупаемых товаров.

Критерии, влияющие на конкурсное ценовое предложение и их расчет, определяются Правилами.

10. В соответствии с пунктом 2 статьи 43 Закона Заказчик направляет победителю проект договора о государственных закупках,

удостоверенный электронной цифровой подписью посредством веб-портала государственных закупок:

1) в течение пяти рабочих дней со дня истечения срока на обжалование протокола об итогах государственных закупок способом конкурса (аукциона);

2) в течение пяти рабочих дней со дня определения победителя государственных закупок способом запроса ценовых предложений.

В случаях, когда процедуры выбора поставщика, в том числе процедуры обжалования итогов государственных закупок, проведенных в рамках предварительного годового плана государственных закупок, завершены до утверждения соответствующего бюджета (плана развития), проект договора о государственных закупках направляется победителю в течение пяти рабочих дней со дня утверждения соответствующего бюджета (плана развития).

Проект договора о государственных закупках должен быть удостоверен победителем государственных закупок способами конкурса, аукциона, запроса ценовых предложений посредством электронной цифровой подписи в течение трех рабочих дней со дня поступления на веб-портал государственных закупок уведомления с приложением проекта договора о государственных закупках.

11. При предъявлении административного иска об отмене приказа уполномоченного органа о включении потенциального поставщика в реестр недобросовестных участников государственных закупок по основанию уклонения от заключения договора о государственных закупках заказчик, в соответствии с подпунктом 1) части второй статьи 129 АППК, обязан представить доказательства направления им проекта договора и уведомления о необходимости подписания проекта договора о государственных закупках. Обязанность по направлению договора считается исполненной заказчиком либо единым организатором надлежащим образом при наличии доказательств поступления на веб-портал государственных закупок потенциальному поставщику уведомления о необходимости подписания проекта договора о государственных закупках (журнал согласования договора, полученный с веб-портала) либо причины неисполнения им обязанности по направлению проекта договора и (или) уведомления о необходимости подписания проекта договора о государственных закупках в установленный законом срок.

Невыполнение заказчиком возложенной на него обязанности по направлению потенциальному поставщику проекта договора о государственных закупках и уведомления о необходимости подписания проекта договора о государственных закупках является основанием для удовлетворения административного иска об отмене приказа

уполномоченного органа о включении потенциального поставщика в реестр недобросовестных участников государственных закупок по основанию уклонения от заключения договора.

Судам следует иметь в виду, что административный иск об отмене приказа уполномоченного органа о включении потенциального поставщика в реестр недобросовестных участников государственных закупок по основанию уклонения от заключения договора не подлежит удовлетворению в случаях поступления от потенциального поставщика:

письменного отказа от заключения договора;

предложения о внесении изменений в существенные условия договора;

иного письменного обращения, исполнение которого препятствует заказчику заключить договор на условиях, указанных при объявлении государственных закупок.

Несоответствие в описании характеристик закупаемых товаров (работ, услуг), указанных в информации, размещенной на веб-портале государственных закупок в соответствии с пунктом 1 статьи 38 Закона, фактическим условиям проекта договора, представленного заказчиком к заключению, освобождает потенциального поставщика от заключения договора и исключает включение потенциального поставщика в реестр недобросовестных участников государственных закупок по основанию уклонения от заключения договора о государственных закупках.

12. Согласно пункту 4 статьи 43 Закона требования по заключению договора о государственных закупках посредством веб-портала государственных закупок не распространяются на случаи, предусмотренные подпунктами 4), 9), 17), 18), 20), 21), 23), 26), 31), 32), 35), 40), 41) пункта 3 статьи 39 и статьей 50 Закона.

Судам следует учитывать эти особенности при рассмотрении споров, возникающих на основании конкурса по государственным закупкам, которые регулируются Правилами осуществления государственных закупок с применением особого порядка, утвержденных постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2015 года № 1200, и споров, где закупки осуществлялись на общих основаниях.

Формирование реестра недобросовестных участников государственных закупок, предусмотренного подпунктом 2) пункта 4 статьи 12 Закона, потенциальных поставщиков, уклонившихся от заключения договора о государственных закупках, на основании решения уполномоченного органа не применимо к правоотношениям, возникающим в рамках государственных закупок с применением особого порядка.

Поскольку на веб-портале государственных закупок не содержатся данные по конкурсу, проведенному с применением особого порядка,

следовательно, иски о признании такого потенциального поставщика недобросовестным участником государственных закупок при уклонении от заключения договора рассматриваются в судебном порядке.

13. Согласно подпункту 10) пункта 3 Правил электронный депозитарий в сфере государственных закупок (далее – электронный депозитарий) – это электронная база данных, содержащая сведения и документы, подтверждающие наличие опыта работы потенциальных поставщиков, формируемая на веб-портале государственных закупок.

Электронный депозитарий формируется уполномоченным органом и его территориальными подразделениями.

Заявки потенциальных поставщиков о внесении в электронный депозитарий сведений и документов, подтверждающих опыт работы за последние десять лет, в том числе за текущий год, формируются потенциальным поставщиком и подаются посредством веб-портала, согласно приложению 5 к Правилам.

Заявки потенциальных поставщиков рассматриваются уполномоченным органом и его территориальными подразделениями в течение десяти рабочих дней.

Сведения и документы, вносятся в электронный депозитарий уполномоченным органом после подтверждения их достоверности.

Решения уполномоченного органа и его территориальных подразделений, указанные в пунктах 96 и 101 Правил, обжалуются в порядке административного судопроизводства.

14. Перечень квалификационных требований, предъявляемых к потенциальному поставщику, определен пунктом 1 статьи 9 Закона.

Не допускается установление квалификационных требований, не предусмотренных пунктом 1 статьи 9 Закона, за исключением осуществления государственных закупок с применением особого и специального порядков осуществления государственных закупок способом конкурса, предусмотренных статьями 31, 50 и пунктом 6 статьи 51.

15. Общим положением Закона являются принципы: оптимального и эффективного расходования государственных денежных средств, предоставления потенциальным поставщикам равных возможностей для участия в процедуре проведения государственных закупок, добросовестной конкуренции, открытости и прозрачности процесса государственных закупок и поддержки отечественных предпринимателей, ответственности участников государственных закупок.

Статьей 45 Закона предусмотрены основания внесения изменений в проект договора либо заключенный договор о государственных закупках.

Подпункт 2) пункта 2 статьи 45 Закона предусматривает, что увеличение суммы договора может иметь место, если в проектно-сметную документацию, прошедшую экспертизу в соответствии

с законодательством Республики Казахстан, внесены изменения и принято решение о дополнительном выделении денег на сумму такого изменения, принятое в порядке, определенном законодательством Республики Казахстан.

Несоблюдение порядка внесения изменений в договор и проектно-сметную документацию, предусмотренного Законом и статьями 654, 655 ГК, лишает подрядчика права требовать от заказчика оплаты выполненных им дополнительных работ.

Изменения в договор о государственных закупках могут быть внесены в период его действия, поскольку в соответствии со статьей 386 ГК окончание срока действия договора влечет прекращение обязательств сторон по договору.

16. Разъяснить судам, что применительно к подпункту 2) пункта 218, пункта 229 Правил конкурсная комиссия в письменной форме и (или) форме электронного документа вправе запрашивать необходимую информацию у соответствующих государственных органов, физических и юридических лиц лишь с целью уточнения сведений, содержащихся в заявках на участие в конкурсе. Не допускается направление запроса и совершение иных действий конкурсной комиссией, связанных с дополнением заявки на участие в конкурсе недостающими документами, заменой представленных документов, приведение в соответствие ненадлежащим образом оформленных документов после истечения срока, установленного в пункте 219 Правил.

Представление участником конкурса документов, содержащих неполные и (или) недостоверные сведения, является основанием для отклонения заявки, независимо от наличия у конкурсной комиссии возможности запросить сведения об участнике.

17. В соответствии со статьей 26 Закона вопросы демпинговой цены подлежат обсуждению только при оценке и сопоставлении конкурсных ценовых предложений на работы, услуги при осуществлении государственных закупок способом конкурса.

Порядок определения демпинговой цены регламентирован главой 16 Правил.

При определении демпинговой цены необходимо исходить из цены, предложенной участником конкурса для оплаты работ и услуг, без учета сумм, потраченных заказчиком на изготовление документации, проведение экспертизы и осуществление технического и авторского надзора за строительством.

18. Согласно подпункту 2) статьи 2 Закона потенциальным поставщиком может выступать временное объединение юридических лиц (консорциум), претендующее на заключение договора о государственных закупках.

Расчет условной скидки (в том числе по пункту 243 Правил) следует применять не к участнику консорциума, а в отношении консорциума, который является потенциальным поставщиком.

С учетом положений пункта 245 Правил расчет условной скидки за наличие опыта работы на рынке закупаемых работ и услуг осуществляется только на основании документов, представленных в составе конкурсной заявки потенциального поставщика.

19. Потенциальный поставщик вправе обжаловать действия (бездействие), решения заказчика, организатора государственных закупок, единого организатора государственных закупок, комиссий, эксперта, единого оператора в сфере государственных закупок, если их действия (бездействие), решения нарушают права и законные интересы потенциального поставщика:

- 1) в уполномоченный орган;
- 2) в суд.

Соблюдение истцом установленного Законом для данной категории дел порядка досудебного урегулирования спора является обязательным, в противном случае иск подлежит возвращению согласно подпункту 1) части 2 статьи 138 АППК.

20. Действия (бездействие), а также решение органов государственного аудита и финансового контроля и их должностных лиц могут быть обжалованы в порядке административного судопроизводства.

В соответствии с подпунктом 1) пункта 2 статьи 5 Закона о государственном аудите мерой реагирования финансового контроля является вынесение обязательного для исполнения всеми государственными органами, организациями и должностными лицами предписания об устранении выявленных нарушений и о рассмотрении ответственности лиц, их допустивших.

Предписание возлагает на объект контроля обязанность по устранению нарушений и о рассмотрении ответственности лиц, их допустивших, и может быть обжаловано заявителем непосредственно в суд в порядке, предусмотренном АППК.

21. В случае расторжения заказчиком договора, заключенного по итогам государственных закупок через товарные биржи, по мотиву нецелесообразности дальнейшего исполнения расходы по оплате биржевых сборов и брокерских услуг возмещению не подлежат.

22. Признать утратившим силу нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 14 декабря 2012 года № 5 «О применении судами законодательства о государственных закупках».

23. Согласно статье 4 Конституции настоящее нормативное постановление включается в состав действующего права, является

общеобязательным и вводится в действие со дня первого официального опубликования.

**Председатель Верховного Суда
Республики Казахстан**

Ж.Асанов

**Судья Верховного Суда
Республики Казахстан,
секретарь пленарного заседания**

Г. Альмагамбетова



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ
№ 5 НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ**

2022 жылғы 21 сәуір

Нұр-Сұлтан қаласы

**«Сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
2003 жылғы 11 шілдедегі № 5 нормативтік қаулысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жоғарыда көрсетілген нормативтік қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Азаматтық істер бойынша сот шешімі туралы»;

2) мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

«1-1. АПК-нің 267-4-бабының бірінші бөлігіне сәйкес оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған іс бойынша сот кіріспе және қарар бөліктерінен тұратын шешім шығарады.

Соттың шешімі заңды күшіне енгенге дейін тараптың мәлімделген жазбаша өтінішхаты бойынша сот кіріспе, уәждеу және қарар бөліктерінен тұратын шешімді дайындауға міндетті.

Сот осындай шешімді өз бастамасымен де дайындауға құқылы.

АПК-нің 267-4-бабының үшінші бөлігіне сәйкес сот шешімнің күшін жоюдан бас тарту туралы ұйғарыммен бірге, егер бұрын мұндай шешім берілмеген болса, тараптарға кіріспе, уәждеу және қарар бөліктерден тұратын шешімді дайындап беруге міндетті.

Уәждеу бөлігі бар шешім сотқа өтінішхат келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде дайындалуы тиіс.

Дәлелді себептермен шешімнің уәждеу бөлігін дайындау мүмкін болмаған жағдайда, судья қол қойған кіріспе және қарар бөліктерінен тұратын шешімге АПК-де белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

1-2. АПК-нің 27-1 және 28-1-баптарында облыстық және оған теңестірілген соттың, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төменгі тұрған соттардың іс жүргізуіндегі біртекті істердің бірін (талап қоюдың нысанасы мен негіздері бойынша, субъектілік құрамы бойынша ұқсас) талап ету, өзінің іс жүргізуіне қабылдау, бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша қарау және шешу құқығы бекітілген.

Жоғары тұрған соттың істі талап етіп, бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша қарауы үшін іс жүргізуінде іс жатқан сот тараптардың жазбаша келісімін алуға міндетті.

Егер тараптардың бірінің келісімі болмаса, сот істі талап ете алмайды, өйткені Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-тармағының

3) тармақшасына сәйкес өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды.

Бір текті істердің бірін талап ету және оны қарау туралы мәселеге жоғары сатыда тұрған сот, іс жүргізуінде іс жатқан сот, сонымен қатар тараптар не тараптардың бірі бастамашылық етуі мүмкін.

Бір текті істердің бірі бойынша шығарылған шешімді соттар АПК-нің 226-бабы 5-1-бөлігіне сәйкес пайдалануы мүмкін.»;

3) 2-тармақтағы «борышкердің» деген сөз «жауапкердің» деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 3-тармақта:

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Шешім бөгде адамдардың қатысуын және кеңес құпиясын жария етуді болдырмайтын жағдайларда шығарылады. Шешім жазбаша нысанда жазылады және қолмен жазу, машинкада жазу немесе компьютерлік тәсілмен бір данада жасалуы мүмкін.»;

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Соттың шешімі қабылданғаннан және оған қол қойылғаннан кейін судья шешімді толық не оның қарар бөлігін жария етеді. Шешімнің жарияланған қарар бөлігіне судья қол қоюы және ол іске қоса тіркелуі тиіс.»;

мынадай мазмұндағы сегізінші, тоғызыншы және оныншы абзацтармен толықтырылсын:

«АПК-нің 223-бабының 4-1-бөлігіне сәйкес жария етілген шешімді түпкілікті нысанда дәлелді себептермен дайындау мүмкін болмаған кезде судья қол қойған шешімнің қарар бөлігіне АПК-де белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Іске қатысатын адамдар мен олардың өкілдері келмеген жағдайда шешім сот отырысында жария етілмейді, бұл туралы сот отырысының хаттамасында белгі қойылады.

Сот шешімді жария етуді АПК-нің 183-бабының екінші бөлігінде көзделген мерзім шегінде, бірақ бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімге кейінге қалдыруға құқылы. Мұндай жағдайда түпкілікті нысандағы шешім ол жарияланғанға дейін дайындалуы тиіс.»;

сегізінші, тоғызыншы және оныншы абзацтар тиісінше он бірінші, он екінші және он үшінші абзацтар болып есептелсін;

5) 7-тармақта:

үшінші және төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«АПК-нің 222-бабының екінші бөлігіне сәйкес төрағалық етуші сот шешімі жария етілгеннен кейін оны қабылдаудың құқықтық негіздері мен салдарларын ауызша түсіндіреді. Осы түсіндірме түсініксіз болған жағдайда тараптарға нақтылаушы сұрақтар қою мүмкіндігі беріледі, бұл туралы сот отырысының хаттамасында тиісті белгі қойылады.

Іске қатысатын адамдар келмеген жағдайда, шешімді түсіндіру жүргізілмейді.»;

6) 10-тармақтағы «кеңесу бөлмесінде» деген сөздер алып тасталсын;

7) 11-тармақта:

мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«Жоғары тұрған сатыдағы сот - сот актісінің (сот актілерінің) күшін жойған және істі жаңадан қарауға жіберген жағдайда, сот апелляциялық немесе кассациялық сатыдағы соттың қаулысында жазылған ережелерді орындау мүмкін еместігіне уәждер келтіруге міндетті.»;

төртінші, бесінші және алтыншы абзацтар тиісінше бесінші, алтыншы және жетінші абзацтар болып саналсын;

бесінші абзац мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Сот шешімді әрбір тараптың тең негіздерде дәлелдемелерді зерттеуге қатысуы қамтамасыз етілген дәлелдемелерге ғана негіздейді.»;

мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

«АПК-нің 46-бабының бірінші бөлігіне сәйкес іске қатысатын адамдардың оның ішінде: сотқа ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге; сот процесі барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін келтіруге; айтылған сөздердің мәтіндері мен сот шешімі редакциясын (жобасын) ұсына отырып, сот жарыссөздеріне қатысуға; бұзылған немесе дау айтылған құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау және қалпына келтіру мақсатында басқа да процесік құқықтарды пайдалануға құқығы бар.»;

8) 17-тармақтың алтыншы абзацындағы «, талап-арыздың орындалуын қамтамасыз ету туралы мәселенің күшін жою не сақталуы» деген сөздер алып тасталсын;

9) 20-тармақтың үшінші абзацындағы ««Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 маусымдағы № 57-III Заңының 13, 14, 15-баптарында» деген сөздер «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 167-VI Заңының 6-бабында» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 21-тармақ алып тасталсын;

11) 24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Істің жекелеген санаттары бойынша шешімнің қарар бөлігінің мазмұны қаралып отырған қатынастарды реттейтін материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларына сәйкес келуге тиіс.»;

12) 26-тармақтағы «талап-арызды» деген сөздер «талап қоюды» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 27-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

«Сот өз қалауы бойынша іске қатысушы адамдарды шақырмай шешімдегі қате жазулар мен анық арифметикалық қателерді түзету туралы арызды қарауға не сот отырысын тағайындауға құқылы. Сот отырысының

уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген адамдардың келмеуі арызды қарауға кедергі болмайды.»;

14) 28-тармақтың екінші абзацындағы төртінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

«Шешімді дереу орындауға жіберу туралы ұйғарым шығарылады, ол іске қоса тіркеледі.»;

15) 31-тармақта:

бірінші абзацтағы «қайта қаржыландыру ставкасы» деген сөздер «базалық мөлшерлемесі» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта:

бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

«Сот алып берілген ақша сомаларын индекстеу туралы арызды өз қалауы бойынша іске қатысатын адамдарды шақырмастан қарауға не сот отырысын тағайындауға құқылы.»;

мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген адамдардың келмеуі арызды қарауға кедергі болмайды.»;

екінші сөйлем үшінші сөйлем деп есептелсін;

16) 32-тармақтағы «ең алдымен» деген сөзден кейін «сот отырысында» деген сөздермен толықтырылсын;

17) 33-тармақта:

бірінші абзацтағы «іске қатысушы адамдардың арызы бойынша» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ сот орындаушысының өтінішхаты бойынша» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«Судья АПК-нің 237-бабының екінші бөлігіне сәйкес шешімді түсіндіру туралы арызды сот отырысын өткізбей шешеді. Іске қатысатын адамдар мұндай арыздың келіп түскені туралы хабардар етіледі және сотқа оған пікір жіберуге құқылы.»;

18) 35-тармақ алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы**

Ж.Асанов

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы**

Г.Әлмағамбетова

**НОРМАТИВНОЕ ПОСТАНОВЛЕНИЕ № 5
ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

21 апреля 2022 года

город Нур-Султан

**О внесении изменений и дополнений
в нормативное постановление Верховного Суда
Республики Казахстан от 11 июля 2003 года № 5
«О судебном решении»**

1. Внести в вышеуказанное нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан следующие изменения и дополнения:

1) заголовок изложить в следующей редакции:

«О судебном решении по гражданским делам»;

2) дополнить пунктами 1-1 и 1-2 следующего содержания:

«1-1. В соответствии с частью первой статьи 267-4 ГПК по делу, рассмотренному в порядке упрощенного (письменного) производства, суд выносит решение, состоящее из вводной и резолютивной частей.

Суд по письменному ходатайству стороны, заявленному до вступления решения суда в законную силу, обязан изготовить решение, состоящее из вводной, мотивировочной и резолютивной частей.

Суд вправе изготовить такое решение и по своей инициативе.

В силу части третьей статьи 267-4 ГПК суд обязан изготовить и выдать сторонам решение, состоящее из вводной, мотивировочной и резолютивной частей, вместе с определением об отказе в отмене решения, если ранее такое решение не выдавалось.

Решение, содержащее мотивировочную часть, должно быть изготовлено в срок не позднее пяти рабочих дней со дня поступления ходатайства в суд.

При невозможности по уважительным причинам изготовить мотивировочную часть решения подписанное судьей решение, состоящее из вводной и резолютивной частей, может быть обжаловано в порядке, установленном ГПК.

1-2. Статьями 27-1 и 28-1 ГПК закреплено право областного и приравненного к нему суда, Верховного Суда Республики Казахстан на истребование, принятие к своему производству, рассмотрение и разрешение по правилам суда первой инстанции одного из однородных дел (схожих по предмету и основаниям иска, по субъектному составу), находящихся в производстве нижестоящих судов.

Для истребования и рассмотрения дела по правилам суда первой инстанции вышестоящим судом суд, в производстве которого находится дело, обязан получить письменное согласие сторон.

Если нет согласия одной из сторон, дело не может быть истребовано судом ввиду того, что в соответствии с подпунктом 3) пункта 3 статьи 77 Конституции Республики Казахстан никому не может быть без его согласия изменена подсудность, предусмотренная для него законом.

Вопрос об истребовании и рассмотрении одного из однородных дел может быть инициирован судом вышестоящей инстанции, судом, в производстве которого находится дело, а также сторонами либо одной из сторон.

Решение, вынесенное по одному из однородных дел, может быть использовано судами согласно части 5-1 статьи 226 ГПК.»;

3) в пункте 2 слово «должником» заменить словом «ответчиком»;

4) в пункте 3:

абзац пятый изложить в следующей редакции:

«Решение выносится в условиях, исключающих присутствие посторонних лиц и разглашение тайны совещания. Решение излагается в письменной форме и может быть изготовлено рукописным, машинописным или компьютерным способом в одном экземпляре.»;

абзац седьмой изложить в следующей редакции:

«После принятия и подписания решения суда судья оглашает решение полностью либо его резолютивную часть. Объявленная резолютивная часть решения должна быть подписана судьей и приобщена к делу.»;

дополнить абзацами восьмым, девятым и десятым следующего содержания:

«Согласно части 4-1 статьи 223 ГПК при невозможности по уважительным причинам изготовить оглашенное решение в окончательной форме подписанная судьей резолютивная часть решения может быть обжалована в порядке, установленном ГПК.

В случае неявки лиц, участвующих в деле, и их представителей, оглашение решения в судебном заседании не производится, о чем делается отметка в протоколе судебного заседания.

Суд вправе отложить оглашение решения в пределах срока, предусмотренного частью второй статьи 183 ГПК, но не более чем на пять рабочих дней. В таком случае решение в окончательной форме должно быть изготовлено до его оглашения.»;

абзацы восьмой, девятый и десятый считать соответственно абзацами одиннадцатым, двенадцатым и тринадцатым;

5) в пункте 7:

абзацы третий и четвертый изложить в следующей редакции:

«В силу части второй статьи 222 ГПК после оглашения решения суда председательствующий устно разъясняет правовые основания и последствия его принятия. В случае неясности данного разъяснения сторонам предоставляется возможность задать уточняющие вопросы, о чем в протоколе судебного заседания делается соответствующая отметка.

В случае неявки лиц, участвующих в деле, разъяснение решения не производится.»;

6) в пункте 10 слова «в совещательной комнате» исключить;

7) в пункте 11:

дополнить абзацем четвертым следующего содержания:

«В случае отмены судом вышестоящей инстанции судебного акта (судебных актов) и направления дела на новое рассмотрение суд обязан указать мотивы невозможности выполнения положений, изложенных в постановлении суда апелляционной или кассационной инстанции.»;

абзацы четвертый, пятый и шестой соответственно считать абзацами пятым, шестым и седьмым;

абзац пятый дополнить предложением третьим следующего содержания:

«Суд основывает решение лишь на тех доказательствах, участие в исследовании которых на равных основаниях было обеспечено каждой стороне.»;

дополнить абзацем восьмым следующего содержания:

«В соответствии с частью первой статьи 46 ГПК лица, участвующие в деле, имеют право в том числе: давать устные и письменные объяснения суду; приводить свои доводы по всем возникающим в ходе судебного процесса вопросам; участвовать в судебных прениях, представляя тексты озвученных речей и предлагаемую редакцию (проект) решения суда; пользоваться другими процессуальными правами в целях защиты и восстановления нарушенных или оспариваемых прав, свобод и законных интересов.»;

8) в пункте 17 в абзаце шестом слова «, разрешен вопрос об отмене либо сохранении обеспечения иска» исключить;

9) в пункте 20 в абзаце третьем слова «статьями 13, 14, 15 Закона Республики Казахстан от 13 июня 2005 года № 57-III «О валютном регулировании и валютном контроле»» заменить словами «статьей 6 Закона Республики Казахстан от 2 июля 2018 года № 167-VI «О валютном регулировании и валютном контроле»»;

10) пункт 21 исключить;

11) пункт 24 изложить в следующей редакции:

«24. Содержание резолютивной части решения по отдельным категориям дел должно соответствовать нормам материального и процессуального права, регулирующим рассматриваемые отношения.»;

12) в пункте 26 слова «исковое заявление» заменить словом «иск»;

13) пункт 27 дополнить абзацем вторым следующего содержания:

«Суд вправе по своему усмотрению рассмотреть заявление об исправлении опечаток и явных арифметических ошибок в решении без вызова лиц, участвующих в деле, либо назначить судебное заседание.

Неявка лиц, надлежащим образом извещенных о времени и месте судебного заседания, не является препятствием к рассмотрению заявления.»;

14) в пункте 28 во втором абзаце четвертое предложение изложить в следующей редакции:

«Об обращении решения к немедленному исполнению выносится определение, которое приобщается к делу.»;

15) в пункте 31:

в абзаце первом слова «ставки рефинансирования» заменить словами «базовой ставки»;

в абзаце втором:

первое предложение изложить в следующей редакции:

«Суд вправе по своему усмотрению рассмотреть заявление об индексации присужденных денежных сумм без вызова лиц, участвующих в деле, либо назначить судебное заседание.»;

дополнить предложением вторым следующего содержания:

«Неявка лиц, надлежащим образом извещенных о времени и месте судебного заседания, не является препятствием к рассмотрению заявления.»;

предложение второе считать предложением третьим;

16) в пункте 32 после слова «сначала» дополнить словами «в судебном заседании»;

17) в пункте 33:

в абзаце первом после слов «лиц, участвующих в деле,» дополнить словами «а также по ходатайству судебного исполнителя»;

дополнить абзацем третьим следующего содержания:

«Согласно части второй статьи 237 ГПК заявление о разъяснении решения разрешается судьей без проведения судебного заседания. Лица, участвующие в деле, извещаются о поступлении такого заявления и вправе направить в суд отзыв на него.»;

18) пункт 35 исключить.

2. Согласно статье 4 Конституции Республики Казахстан настоящее нормативное постановление включается в состав действующего права, является общеобязательным и вводится в действие со дня первого официального опубликования.

**Председатель Верховного Суда
Республики Казахстан**

Ж.Асанов

**Судья Верховного Суда
Республики Казахстан,
секретарь пленарного заседания**

Г.Альмагамбетова

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер
жөніндегі сот алқасының қаулыларынан үзінділер**

**Извлечения из постановлений судебной коллегии по гражданским
делам Верховного Суда Республики Казахстан**

Алимент өндіру даулары бойынша

**Бірінші сатыдағы соттың тұжырымы кәмелетке
толмаған балалардың мүддесіне толық сәйкес
келіп, дау мәні бойынша дұрыс және әділ шешілген**

2022 жылғы 2 ақпан

№ 6001-21-00-32п/566

Талап қоюшы М. жауапкерлер А.-ға, Ш.-ға алимент мөлшерін азайту туралы талап қою арызымен сотқа жүгініп, талап уәждерінде өзінен ұсталатын алимент мөлшері 75 % құрайтынын, яғни еңбек ақысының жартысынан артық екенін және бұл заңға қайшы келетінін көрсеткен.

Атырау облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 2021 жылғы 15 маусымдағы шешімімен талап қою арызы қанағаттандырусыз қалдырылған.

Сот шығыстары туралы мәселе шешілген.

Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 9 қыркүйектегі қаулысымен бірінші сатыдағы сот шешімінің күші жойылып, талап қою арызын қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылданған.

М. Ш.-ның пайдасына 2007 жылғы 7 қыркүйекте туған Б.-ны, 2008 жылғы 9 желтоқсанда туған Ш.-ны және 2018 жылғы 25 сәуірде туған Н.-ні асырау үшін төлейтін алимент мөлшері табысының және (немесе) өзге де кірісінің 3/8 бөлігіне, яғни 37,5 % дейін азайтылған. М.-дан А.-ның пайдасына 2018 жылғы 4 наурызда туған Ж.-ны асырау үшін төлейтін алимент мөлшері табысының және (немесе) өзге де кірісінің 1/8 бөлігіне, яғни 12,5 % дейін азайтылған.

Өтінішхатта арыз беруші іс бойынша қабылданған апелляциялық қаулымен келіспей, соттың тұжырымдары істің мән-жайына сәйкес келмейтінін көрсетіп, материалдық және процестік құқық нормаларының бұзылғанына сілтеме жасап, оның күшін жойып, бірінші сатыдағы сот шешімін күшінде қалдыруды сұраған.

Іс құжаттарына қарағанда, Атырау қалалық сотының 2020 жылғы 7 желтоқсандағы сот бұйрығымен Ш.-ның пайдасына кәмелетке толмаған

үш баласын асырап-бағу үшін М.-ның табысының және (немесе) өзге де кірісінің $\frac{1}{2}$ бөлігінде алимент өндірілген.

Атырау облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 2021 жылғы 24 ақпандағы шешімімен А.-ның талабы қанағаттандырылған.

М.-ның кәмелетке толмаған 2018 жылғы 4 наурызда туған қызына қатысты әкелігі анықталып, табысының және (немесе) өзге де кірісінің $\frac{1}{4}$ бөлігінде алимент өндірілген.

Бірінші сатыдағы сотта анықталғандай, қазіргі таңда М. мен Ш. заңды некеде тұрады, ортақ некеден үш балалары бар. $\frac{1}{2}$ мөлшерде алимент өндіру туралы сот бұйрығы орындауға ұсынылған, ол бойынша М.-ның берешегі жоқ.

М. мен Ш.-ның отбасылық қарым-қатынаста екені және некелері бұзылмағаны, өз кезегінде Ш.-ның пайдасына өндірілген алимент төлемдері осы отбасының ортақ кірісі боп табылатыны толығымен анықталған.

Мұның толық мән-жайлары бірінші сатыдағы соттың шешімінде толық сипатталған, оларды қайталауға қажеттілік жоқ.

Осы жағдайлар бірінші сатыдағы сотқа талап қою арызын қанағаттандырусыз қалдыруға негіз болған.

Бұл тұжырыммен келіспеген апелляциялық сатыдағы сот талап қою арызын қанағаттандыру туралы қабылдаған жаңа шешімін Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 115-бабының 3-тармағына негіздеген, оған сәйкес ай сайынғы ұстап қалудың мөлшері жұмыскерге тиесілі жалақының елу пайызынан аспауға тиіс.

Бұл ретте талап қоюшының айлық жалақысынан 75 % алиментке ұсталып жатқаны жөніндегі уәждері қисынсыз, өйткені «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 95-бабының 1-тармағына сәйкес бір немесе бірнеше, оның ішінде басқа сот орындаушыларының іс жүргізуіндегі атқарушылық құжат бойынша борышкердің жалақысына немесе өзге де кіріс түрлеріне өндіріп алу қолданылған кезде борышкер жалақысының немесе өзге де кірісінің кемінде елу пайызы сақталуға тиіс.

Аталған норманың талаптары бойынша борышкердің жұмыс орны оның айлық жалақысынан қатаң түрде елу пайызға дейінгі мөлшерде қаражат ұстап қалады.

Өз кезегінде, балаларды күтіп-бағу жөніндегі міндет сөзсіз сипатқа ие, яғни балалар ата-аналарынан тіршілік әрекетін қолдау үшін қажетті күтіп-бағуды алуға құқылы, осыған байланысты балалардың құқығы ата-аналардың құқығына қатысты басымдыққа ие, өйткені еңбекке қабілетті ересек адамдар (кәмелетке толмаған балалардан айырмашылығы) өмір сүруге қаражат таба алады деп болжанады.

Алимент мөлшерінің төмендеуі балалардың мүліктік құқықтарының бұзылуына әкеп соғады, олардың материалдық жағдайын нашарлатады.

Талап қоюшы еңбекке қабілетті жаста, оған еңбек етуге кедергі келтіретін аурулардың бар екендігі туралы, сондай-ақ оған сот актілерінде белгіленген мөлшерде алимент төлеуге объективті түрде мүмкіндік бермейтін материалдық жағдайының нашарлағанын айғақтайтын дәлелдемелер сотқа ұсынылмаған.

Қаралып отырған жағдайда ол алимент мөлшерін өзгерту арқылы кәмелетке толмаған балаларының жағдайын нашарлату есебінен өзінің материалдық жағдайын жақсартуға тырысуда.

Ал Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабының екінші бөлігіне сәйкес балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.

Іс құжаттарын зерделеу бірінші сатыдағы соттың тұжырымы кәмелетке толмаған балалардың мүддесіне толық сәйкес келетінін, дау мәні бойынша дұрыс және әділ шешілгенін көрсетті.

Кассациялық сот алқасы бірінші сатыдағы соттың тұжырымдары заңды және материалдық құқық нормаларын дұрыс қолданған, сәйкесінше апелляциялық сатыдағы соттың алимент мөлшерін азайтуға құқықтық негізі болмаған деп санайды.

Істің бұл тұрғысында сот алқасы өтінішхатты негізді және қанағаттандырылуға жатады деп санайды, себебі, жоғарыда баяндалған мән-жайлар, дау айтылған сот актісінің күшін жойып, мәні бойынша дұрыс бірінші сатыдағы сот шешімін күшінде қалдыру үшін елеулі негіздер болып табылады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі кассациялық сот алқасы апелляциялық сатыдағы сот қаулысының күшін жойып, бірінші сатыдағы соттың шешімін күшінде қалдырды.

Талап қоюшы М.-дан жауапкер А-ның пайдасына 11 163 (он бір мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілді.

А.-ның өкілі – С.-ның өтінішхаты қанағаттандырылды.

Жер даулары бойынша

Бірінші сатыдағы сот талап қою арызын ішінара қанағаттандыру туралы шешімді дұрыс қабылдаған

2022 жылғы 16 ақпан

№ 6001-22-00-3зп/11

Талап қоюшы «С» шаруа қожалығының (бұдан әрі – ШҚ) төрағасы С.-ның жауапкерлер Б.-ға, Түркістан қаласының әкімдігіне, «Түркістан қаласы жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – ММ), «Кентау қаласының жер инспекциясы бөлімі» ММ-ге әкімдіктің қаулысын, жер учаскесін жалға беру шартын жарамсыз деп тану туралы талап қою арызымен сотқа жүгінген.

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы шешімімен талап қою арызы ішінара қанағаттандырылған.

«Түркістан қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ мен Б.-ның арасында жасалған 2018 жылғы 28 ақпандағы № 150 жер учаскесін жалға беру шартының С.-ның кадастрлық нөмірі 19-307-074-064 жер учаскесімен беттескен 270 га жер учаскесіне қатысты бөлігі жарамсыз деп танылған.

Осы соттың 2020 жылғы 24 желтоқсандағы ұйғарымымен Түркістан қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 11 ақпандағы № 121 қаулысын жарамсыз деп тану туралы талабы бойынша іс жүргізу тоқтатылған.

Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 24 ақпандағы қаулысымен бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгертіліп, талап қоюшының талабын қанағаттандыру туралы бөлігінің күші жойылып, талаптың бұл бөлігін қанағаттандырусыз қалдыру туралы жаңа шешім қабылданған.

Іс материалдарына қарағанда, Түркістан қаласы әкімдігінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі № 643 қаулысымен Ы.-ның атына Түркістан қаласы, Иқан ауылдық округінде орналасқан жалпы көлемі 566,2 га жер учаскесі шаруа қожалығын жүргізу мақсатында ұзақ мерзімге өтеулі уақытша жерді пайдалану құқығымен 49 жылға жалға берілген.

Осы қаулының негізінде Түркістан қаласы әкімі мен Ы.-ның арасында 2001 жылғы 2 қазандағы № 363 жер учаскесін жалға беру шарты жасалып, тіркеуші органда 2003 жылғы 8 ақпанда тіркеуден өткен.

С., Ы. және тағы басқа азаматтар бірігіп, «С» ШҚ құрып, оның төрағасы болып С. сайланған.

Түркістан қаласы әкімінің 2015 жылғы 11 ақпандағы № 121 қаулысымен жауапкер Б.-ға ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін жалға беру жөніндегі

конкурстық комиссияның 2014 жылғы 10 ақпандағы қорытындысы мен жерге орналастыру жобасы негізінде Түркістан қаласы Жаңа Иқан ауылдық округіне қарасты мемлекеттік арнайы жер қорының есебіндегі жайылым жерден шаруа қожалығын жүргізу үшін 505,0 га жер учаскесін 10 жылға уақытша өтеулі жер пайдалану құқығымен ұзақ мерзімге берілген.

«Түркістан қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ мен Б.-ның арасында 2018 жылғы 28 ақпанда 345,0 га жер учаскесін жалға беру туралы шарты жасалып, шарт мемлекеттік органда 2018 жылғы 15 наурызда тіркелген.

«Азаматтарға арналған үкімет» МККЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалы жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру бойынша Кентау қалалық бөлімінің 2020 жылғы 15 қазандағы қорытындысына сай Б.-ға жасалған кадастрлық нөмірі 19-307-074-064 жер учаскесіне Б.-ға табысталған жер учаскесінің 270,0 га бөлігі қабаттасып, үстеме орналасқаны анықталған.

Бірінші сатыдағы сот Б.-ның жер учаскесі тіркелген уақыттан бұрын Б.-ның жер учаскесіне меншік құқығы тіркелгенін ескеріп, оның 270 га жер учаскесі Б.-ның жеріне еніп, үстеме орналасқандықтан, жер учаскесін жалға беру шартын жарамсыз деп таныған.

Апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы соттың қорытындысымен келіспей, аталған шарт талап қоюшының құқықтарын бұзбайды, себебі Б.-ның жер учаскесінің ішіндегі 270 га жер учаскесі оның жеріне еніп, үстеме орналасқанын даулағанымен, жер учаскесіне табысталған сәйкестендіру актісін осы бөлігінде жарамсыз деп тану туралы талабымен жүгіну құқығын пайдаланбаған деп қорытындылаған.

Сот алқасы апелляциялық сатыдағы соттың мұндай қорытындысымен келіспейді.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Жер кодексі) 164-бабының ережелеріне сәйкес меншік құқығы мен жер пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (бұдан әрі – АК) және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде көзделген тәртіппен қорғалады.

АК-нің 195-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына және осы баптың 2-тармағына сәйкес заттық құқықтарға меншік құқығымен қатар жерді пайдалану құқығы да жатады.

Заттық құқықтарға, егер заңдарда өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, меншік құқығы туралы нормалар қолданылады.

Жер кодексінің 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығымен жер учаскелерін беру

мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жерлерге қатысты конкурс негізінде жүзеге асырылады.

Жер кодексінің 66-бабы 3-тармағына сай осы Кодекстің талаптарын бұза отырып, жеке және (немесе) заңды тұлғалар жасаған азаматтық-құқықтық мәмілелер жарамсыз болады.

Іс құжаттарымен Б.-ға жер учаскесін берген кезде, жер пайдалануда басымдылыққа ие «С» ШҚ-ның жер пайдалану құқығы бұзыла отырып жүргізілгендігі бекітілген.

Сонымен қатар Б.-ға берілген жер учаскесінің 270,0 га бұрын талап қоюшыға беріліп, соңғының пайдалануына берілген.

«Соттардың жер заңдарын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 16 шілдедегі № 6 нормативтік қаулысының (бұдан әрі – Нормативтік қаулы) 8-тармағына сәйкес бір жер учаскесіне екі және одан да көп меншік иелерінің (жер пайдаланушылардың) меншік құқығының туындауы, сондай-ақ аралас жер учаскелерінің шекарасын бұзу туралы дауды шешкен кезде сот Жер кодексінің 43-бабында белгіленген талаптарды назарға алуы керек. Жерді бөліп беру тәртібін сақтау қажет болған жағдайда, тараптардың әрқайсысының жерге құқықтарының туындау негіздерін, сонымен қатар құқық белгілейтін құжаттарын, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу хронологиясын тексеру керек.

Жер кодексінің 43-бабының 10-тармағына сай жер учаскесін пайдалану және оған билік ету үшін нақтылы (жергілікті жердегі) шекарасын белгілеу және құқық белгілейтін құжаттарды ресімдеу қажет.

Соттар атқарушы органның жер учаскесіне құқық беру туралы өз шешімін онда көрсетілген талаптар орындалғанға дейін, мәселен, тұлға жер учаскесіне мемлекеттік акті алғанға дейін өзгертуі, жоюы мүмкін екенін назарға алуы керек. Аталған құжаттарды алған сәттен бастап жер пайдаланушы жеке меншік, тұрақты немесе уақытша жер пайдалану түріндегі жер пайдалану құқықтарына ие болады, сондықтан құқық туралы туындаған дау сот тәртібімен ғана шешілуі тиіс.

Белгілі бір жер учаскесіне немесе учаскенің бөлігіне тең құқықтар болған жағдайда, соттар азаматтық заңнамаға сәйкес құқықтың туындау күні бойынша белгіленетін жылжымайтын мүлікке бұрын туындаған құқықтардың басымдығын негізге алуға тиіс.

